

## **ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБИ**

### **Пікір**

Біз "Қазақстан футбол федерациясы" қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігінің (бұдан әрі - Федерация) 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бухгалтерлік балансынан, көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі пайдалар мен залалдар туралы есептен, ақша қаражатының қозғалысы туралы есептен (тікелей әдіс) және капиталдағы өзгерістер туралы есептен, сондай-ақ есептік саясаттың негізгі ережелерінен және өзге де түсіндірме ақпараттан тұратын түсіндірме жазбадан тұратын қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

Біздің пікіріміз бойынша, қоса беріліп отырған қаржылық есептілік барлық елеулі аспектілерде 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша Федерацияның қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі оның қаржылық нәтижелерін және ақша қаражаты қозғалысын Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес көрсетеді

### **Пікірді білдіруге негіздеме**

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (бдан әрі -ХАС) сәйкес жүргіздік. Аталған стандарттарға сәйкес біздің жауапкершілігіміз одан әрі біздің есебіміздің «Қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі» бөлігінде сипатталған. Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңес (БХЭСК) қабылдаған Кәсіпқой бухгалтерлер этикасының халықаралық кодексіне (БХЭСК Кодексі) және біздің жекелеген қаржылық есептіліктің аудитіне Қазақстан Республикасында қолданылатын этикалық талаптарға сәйкес Федерацияға қатысты біз тәуелсізбіз және біз осы талаптар мен БХЭСК Кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық

Біз алған аудиторлық дәлелдемелер пікірімізді білдіру үшін негіз болуға жеткілікті және лайықты болып табылады деп ойлаймыз.

### **Қаржылық есептілікке басшылықтың жауапкершілігі**

Федерацияның басшылығы 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Федерацияның қаржылық жағдайын, сондай-ақ оның қызметінің қаржылық нәтижелерін, 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының қозғалысын және капиталдағы өзгерістерді Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес дұрыс көрсететін қаржылық есептілікті дайындау үшін жауапты.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Федерацияны таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниет білдірген жағдайларды қоспағанда, басшылық Федерацияны өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалауға, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтерді ашуға және қызметтің үздіксіздігі туралы жорамал негізінде немесе қызметті жоюдан немесе тоқтатудан басқа нақты балама болмағанда қаржылық есептілікті жасауға жауапты болады.

### Қаржылық, есептілікке аудит жүргізу үшін аудитордың жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз, өз пікірімізді білдірген аудиторлық есепті шығару барысында қаржылық есептіліктің жосықсыз әрекеттер мен қате жіберу салдарынан елеулі бұрмалаулар мен алаяқтықтың жоқтығына сенімді болу. Ақылға қонымды сенімділік сенімнің жоғары деңгейі болып табылады, бірақ ХАС-ка сәйкес өткізілген аудиторлық тексеріс кез келген жағдайда, елеулі бұрмалау орын алған кезде оны міндетті түрде табудың кепілі болып табылмайды.

Бұрмалаулар жорықсыз әрекеттер мен қате жіберудің нәтижесі болуы мүмкін және осы орайда олар жеке немесе жиынтығында осы қаржылық есептілік негізінде жасалған қаржылық есептілікті пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне ықпал ете алады деген болжау болған жағдайда ғана елеулі болып табылады.

ХАС-ка сәйкес жүргізілген аудит аясында, біз кәсіби пікірді қолданамыз және аудит барысында кәсіби скептицизмді ұстанамыз. Сондай-ақ, біз келесі әрекеттерді орындаймыз:

- жорықсыз әрекеттер немесе қателіктер салдарынан қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз және біздің пікірімізді білдіруге негіз бола алатындай жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдемелер аламыз. Жорықсыз әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалануды анықтамау қаупі қателік нәтижесінде елеулі бұрмалануды анықтамау қаупінен жоғары, өйткені жорықсыз әрекеттер сөз байласу, жалғандық, қасақана өткізіп жіберу, ақпаратты бұрмаланған түрде ұсыну немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өту әрекеттерін қамтуы мүмкін;
- Федерацияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін;
- басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды қолдануының заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдемелер негізінде Федерацияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне елеулі күмән туындауы мүмкін оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты елеулі белгісіздік бар-жоғы туралы қорытынды жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы қорытындыға келсек, біз аудиторлық есепте қаржылық есептіліктегі ақпаратты тиісті түрде ашуға назар аударуымыз керек немесе егер мұндай ақпаратты ашу орынсыз болса, онда біздің пікірімізді өзгертуіміз керек. Біздің қорытындыларымыз аудиторлық есеп беру күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда, болашақ оқиғалар немесе жағдайлар Қордың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкелуі мүмкін;
- қаржылық есептіліктің тұтастай ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын, оның ішінде ақпаратты ашуды, сондай-ақ қаржылық есептіліктің оның негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды олардың дұрыс ұсынылуы қамтамасыз етілетіндігін бағалауды жүргіземіз;
- қаржылық есептілік туралы пікірімізді білдіру үшін ұйымның қаржылық ақпаратына немесе Федерацияның ішкі қызметіне қатысты жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдемелерді аламыз.

Біз Федерацияның аудитін басқару, бақылау және оны жүргізу үшін жауаптымыз. Біз біздің аудиторлық пікіріміз үшін толық жауапты болып қаламыз. Біз корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалармен ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асырамыз, олардың назарына

аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер, оның ішінде аудит процесінде анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы ақпаратты жеткіземіз.


Сонымен қатар, біз басшылыққа тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағанымыз және аудитордың тәуелсіздігіне әсер етеді деп дәлелді есептеуге болатын барлық өзара қатынастар және өзге мәселелер туралы, ал қажет болған жағдайларда – қорқыту үшін жүзеге асырылған әрекеттер немесе қабылданған сақтық шаралары туралы оны хабарландырғанымыз туралы мәлімдемені ұсынамыз



Слипко Р.М.

«CENTER AUDIT» ЖШС директоры

Қазақстан Республикасы бойынша  
Аудит жүргізу құқығына  
№20000877 мемлекеттік лицензия  
Қаржы Министрлігімен  
17.01.2020 жылы берілген



Слипко Р.М.

ҚР аудиторы

Аудитордың біліктілік куәлігі  
№ МФ-0000969 27.12.19ж.  
Қазақстан Республикасы  
Нұр-Сұлтан қ., Тұран даңғылы, 57, 1-кеңсе



2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есеп


	Ескерту	2022 ж. 31 желтоқсанына	(мың теңге) 2021 ж. 31 желтоқсанына
<b>АКТИВТЕР</b>			
<b>ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР</b>			
Негізгі құралдар	5	1 160 699	902 529
Материалдық емес активтер	6	1 922	3 271
Өзге ұзақ мерзімді активтер		5 893 033	5 488 140
Ұзақ мерзімді активтер жиыны		<u>7 055 654</u>	<u>6 393 940</u>
<b>АҒЫМДАҒЫ АКТИВТЕР</b>			
Қорлар	7	489 476	573 419
Қысқа мерзімді сауда және өзге дебиторлық берешек	8	5 988	10 947
Өзге қысқа мерзімді активтер	9	481 178	1 059 081
Ақша қаражаты және олардың баламалары	10	1 083 830	548 363
Ағымдағы активтер жиыны		<u>2 060 472</u>	<u>2 191 810</u>
<b>АКТИВТЕР ЖИЫНЫ</b>		<u><b>9 116 127</b></u>	<u><b>8 585 750</b></u>
<b>КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>			
<b>КАПИТАЛ</b>			
Бөлінбеген пайда		8 912 393	8 312 854
Капитал жиыны		<u>8 912 393</u>	<u>8 312 854</u>
<b>АҒЫМДАҒЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>			
Қысқа мерзімді сауда және өзге дебиторлық берешек	11	47 898	30 374
Қысқа мерзімді резервтер	12	33 270	60 324
Жұмыскерлерге сыйақылар	13	383	743
Өзге қысқа мерзімді міндеттемелер	14	122 182	181 455
Ағымдағы міндеттемелер жиыны		<u>203 733</u>	<u>272 896</u>
<b>КАПИТАЛ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ</b>		<u><b>9 116 127</b></u>	<u><b>8 585 750</b></u>



Дудин А.Ю.  
Бас хатшы

Астана қ., Қазақстан Республикасы  
2023 ж. 31 шілде





Чибитко Е.Н.  
Бас бухгалтер

Астана қ., Қазақстан Республикасы  
2023 ж. 31 шілде

**2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі пайдалар және залалдар және өзге де жиынтық табыс туралы есеп**

	Ескерту	2022 жыл	2021 жыл
			(мың теңге)
ТҮСІМ	15	1 896 872	782 273
ӨЗІНДІК ҚҰН	16	(2 340 351)	(908 775)
<b>ЖАЛПЫ ПАЙДА (ЗАЛАЛ)</b>		<b>(443 479)</b>	<b>(126 502)</b>
Негізгі қызмет бойынша шығындар	17	(5 052 577)	-
Әкімшілік шығындар	18	(1 758 682)	(8 039 601)
Өзге шығындар	19	(907 856)	(325 758)
Өзге кірістер	20	8 760 504	9 727 713
<b>ОПЕРАЦИЛЫҚ ПАЙДА (ЗАЛАЛ)</b>		<b>597 910</b>	<b>1 235 852</b>
Қаржыландыру бойынша кірістер	21	1 630	880
Табыс салығы бойынша шығындар		-	-
<b>КЕЗЕҢ ІШІНДЕГІ ПАЙДА/ЗАЛАЛ</b>		<b>599 540</b>	<b>1 236 732</b>
Негізгі құралдарды қайта бағалаудан түсетін кіріс		-	-
Өзге жиынтық кіріс		-	-
<b>ЖИЫНТЫҚ КІРІС ЖИЫНЫ</b>		<b>599 540</b>	<b>1 236 732</b>

Дудин А.Ю.  
Бас хатшы

Астана қ., Қазақстан Республикасы  
2023 ж. 31 шілде




Чибитько Е.Н.  
Бас бухгалтер

Астана қ., Қазақстан Республикасы  
2023 ж. 31 шілде

**2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражаты қозғалысы туралы есеп**

Көрсеткіштердің атауы	(мың теңге)	
	2022 жыл	2021жыл
<b>I. Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы</b>		
<b>Ақша қаражатының түсімі, барлығы</b>	<b>9 813 042</b>	<b>9 664 583</b>
қызметтерді көрсету	1 838 795	698 010
алынған аванстар	868 900	1 073 800
өзге түсімдер	7 105 347	7 892 773
<b>Ақша қаражатының істен шығуы, барлығы</b>	<b>8 921 628</b>	<b>9 789 178</b>
соның ішінде:		
жеткізушілерге тауарлар мен көрсетілген қызметтер үшін төлемдер	3 979 256	3 814 049
тауарлар мен қызметтерді жеткізушілерге берілген аванстар	109 731	603 342
еңбекақы бойынша төлемдер	992 781	755 366
корпоративтік табыс салығы және бюджетке төленетін өзге төлемдер	565 206	423 841
өзге төлемдер	3 274 654	4 192 580
<b>Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы</b>	<b>891 414</b>	<b>(124 595)</b>
<b>II. Инвестициялық қызметтен түсетін ақша қаражатының қозғалысы</b>		
<b>Ақша қаражатының түсімі, барлығы</b>		
соның ішінде:		
негізгі құралдарды өткізу	-	-
өзге түсімдер	-	-
<b>Ақша қаражатының істен шығуы, барлығы</b>	<b>172 417</b>	<b>175 752</b>
соның ішінде:		
негізгі құралдарды сатып алу	-	-
Материалдық емес активтерді сатып алу	-	-
Басқа ұзақ мерзімді активтерді сатып алу	172 417	175 752
<b>. Инвестициялық қызметтен түсетін ақша қаражатының таза сомасы</b>	<b>(172 417)</b>	<b>(175 752)</b>
<b>III. Қаржылық қызметтен түсетін ақша қаражатының қозғалысы</b>		
<b>Ақша қаражатының істен шығуы, барлығы</b>		--
соның ішінде:		
қарыздарды өтеу		--
Өзге		--
<b>Қаржылық қызметтен түсетін ақша қаражатының таза сомасы</b>		--
<b>АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ТАЗА ӨЗГЕРІСІ</b>	<b>718 997</b>	<b>(300 347)</b>
Валютаның теңгеге айырбас бағасының әсері	(183 530)	(34 761)
<b>АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫ, ЕСЕП БЕРУ КЕЗЕҢІНІҢ БАСЫНДА</b>	<b>548 363</b>	<b>883 471</b>
<b>АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫ, ЕСЕП БЕРУ КЕЗЕҢІНІҢ СОҢЫНА</b>	<b>1 083 830</b>	<b>548 363</b>



**Дудин А.Ю.**  
Бас хатшы

Астана қ., Қазақстан Республикасы  
2023 ж. 31 шілде





**Чибитько Е.Н.**  
Бас бухгалтер

Астана қ., Қазақстан Республикасы  
2023 ж. 31 шілде

